

"Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/468 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 327 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 қыркүйекте № 19374 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 1 маусымдағы № 178 бұйрығымен

**Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 01.06.2021 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қарандыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 4-1/468 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11625 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 21 (жынырма бір) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2019 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 327 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2015 жылғы 22 мамырдағы  
№ 4-1/468 бұйрығымен  
бекітілген

## **"Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

### **2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Порталға құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

лицензияны және лицензияға қосымшаны беру үшін – 10 (он) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу үшін – 3 (үш) жұмыс күні;  
лицензияның телнұсқасын беру үшін – 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған) түрде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге арналған лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қуәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 554-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке қызметпен айналысу құқығы үшін мынадай лицензиялық алым төлейді:

- 1) лицензия беру үшін – 10 айлық есептік көрсеткіш;
- 2) лицензияны қайта ресімдеу үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ы;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін – лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ы.

Төлем екінші деңгейлі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.

8. Мыналардың:

- 1) порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мерекелер туралы" заң) 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс және мереке күндері – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Мерекелер туралы" заңының 5-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші белгілеген жұмыс кестесіне сай.

9. Көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтердің электрондық нысаны;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері;

3) лицензия жоғалған, бұлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған кезде ғана лицензияның телнұсқасын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұраным.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, бюджетке лицензиялық

алымның төленгені туралы ақпаратты "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен осы субъектілер санаты үшін тыйым салынған қызмет түрімен айналысу;

2) лицензиялық алымды енгізбеу;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің ( үкімінің) болуы;

5) сот орындаушысының ұсынысы негізінде соттың борышкер өтініш иесіне лицензия беруге уақытша тыйым салуы.

**3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шептімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша тиісті көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 88000807777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" арыз туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші арызды өндөуі (шағымның жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүргіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетеу сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүргінеді.

#### **4-тарау. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырыш қойылатын өзге талаптар**

13. Мемлекеттік қызметті көрсетеу орындарының мекенжайлары Министрліктің [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсында ("Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде) орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетеу тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетеу мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары [www.moa.gov.kz](http://www.moa.gov.kz) интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсетеу мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 88000807777.

"Астық колхаттарын шыгара  
отырып, қойма қызметі  
бойынша қызметтер көрсетуге  
лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
1-қосымша  
Нысан

**Занды тулғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған  
өтініші**

Кімге \_\_\_\_\_

—  
(лицензиардың толық атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

(занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік занды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лерінің) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия  
және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді  
сұраймын.

Занды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(почталық индексі, елі (шетелдік занды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық почтасы \_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Факсы \_\_\_\_\_

Банктік шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы \_\_\_\_\_

(почталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

парап қоса беріліп отыр.

Осылмен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші

турімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

коса берілетін құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы \_\_\_\_\_

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)  
Толтырылған күні: 20\_\_ жылғы "\_\_"

"Астық қолхаттарын шығара  
отырып, қойма қызметі  
бойынша қызметтер көрсетуге  
лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
2-қосымша

**Астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны**

Астық сақтау орнының (элеватордың, астық қабылдау пунктінің) атауы:

Құқық иеленушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Астық сақтау орнының орналасқан жері және кадастрық нөмірі \_\_\_\_\_

Меншік иесі (құқық иеленуші) \_\_\_\_\_

Технологиялық жабдықтың бар-жоғы туралы мәліметтер

Жабдықтың атауы	Өлшем бірлігі	20__ жылғы __ бар-жоғы	Жай-куйі
1	2	3	4
астық кептіру жабдығы	сағатына дана/тонна		
астық сақтауга арналған сыйымдылықтар	мың тонна		
астық тазалау машиналары	дана		
белсенді жедету жабдығы	дана		
жылжымалы көлік жабдығы	дана		
көтергіш-көлік жабдығы	дана		
сақтау кезінде астықтың температурасын және ылғалдылығын бақылауға арналған жабдық	жыныстық		
таразы жабдығы (белгіленген тәртіппен салыстырып тексерілген)	дана		
тиеу-түсіру құрылғылары	дана		

## Интернет желісіне қолжетімділік туралы мәліметтер

	Сипаттамалары	20__ жылғы ____ бар-жоғы
1	2	3
Интернет желісіне қолжетімділік		

Өткізу режимінің, аумақ қоршауының, асфальтталған алаңдардың бар-жоғы туралы

мәліметтер \_\_\_\_\_

(асфальтталған алаңдар бойынша шаршы метрдегі алаң көрсетіледі)

Өлшем құралдарының типін бекіту туралы, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттардың бар-жоғы туралы мәліметтер (сертификаттарды мемлекеттік метрологиялық қызметтер немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері береді) \_\_\_\_\_

№	Күжаттың атауы	Күжаттың нөмірі	Іс-кимыл басталған күн	Іс-кимыл аяқталған күн	Метрологиялық қызметтің атауы
1	2	3	4	5	6

Астық сапасын айқындауға арналған өндірістік-техникалық зертхананың жарамды жабдықпен және аспаптармен жарақталуы туралы мәліметтер

Объект	Өлшем бірлігі	20__ жылғы ____ бар-жоғы
1	2	3
Ақуыз құрамын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Пуркалар	дана	
Астық үлгілерін сактауға арналған сөрелер	дана	
Астықтың залалданғанын анықтауға арналған оптикалық аспаптар	дана	
Дән маңызының құрамы мен сапасын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Дәнді ұнтактауға арналған дірмендер	дана	
Елеуіштер жиынтықтары	дана	
Зертханалық таразылар	дана	
Кептіргіш шкафттар	дана	
Құлау санын анықтауға арналған құрылғылар	дана	
Сынама іріктегіштер	дана	
Ылғал өлшегіштер	дана	

Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының бар-жоғы туралы мәліметтер

№	Маманның аты, экесінің аты (бар болса), тегі	Лауазымы	Білімі бойынша мамандығы	Мамандығы бойынша жұмыс етілі
1	2	3	4	5

"Астық колхаттарын шыгара  
отырып, қойма қызметті  
бойынша қызметтер көрсетуге  
лицензия беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет  
стандартына  
3-қосымша  
Нысан

**Занды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге  
арналған өтініші**

Кімге \_\_\_\_\_

— (лицензиардың толық атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

— (занды тұлғаның (оның ішінде шетелдік занды тұлғаның) толық атауы,  
орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, занды тұлғаның  
бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік занды тұлға  
филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге

асыруға

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лерінің) толық атауы)  
берілген 20 \_\_ жылғы " \_\_ " № \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_

— (лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),  
берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)  
берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны мынадай негіз(дер)  
бойынша (тиісті ұяшыққа X қойыңыз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) лицензиат занды тұлғаның "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014  
жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 34-  
бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті ұяшыққа X қойыңыз):

бірігу \_\_\_\_\_

қайта құру \_\_\_\_\_

қосылу \_\_\_\_\_

бөліп шыгару \_\_\_\_\_

бөліну \_\_\_\_\_

жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) лицензиат занды тұлға атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

3) лицензиат заңды тұлғаның орналасқан жерінің өзгеруі \_\_\_\_\_

4) лицензияның иелікten шығарылатындығы Заңға 1-қосымшада көзделген жағдайларда, үшінші тұлғалардың пайdasына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны лицензиаттың иелікten шығаруы

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілместен, оның орналасқан жері мекенжайының өзгеруі

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптың болуы

7) қызмет түрі атауының өзгеруі \_\_\_\_\_

8) қызметтің кіші түрі атауының өзгеруі.

Заңды тұлғаның мекенжайы \_\_\_\_\_

(шетелдік заңды тұлға үшін – елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы

,  
елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)  
Электрондық почтасы \_\_\_\_\_

Телефондары \_\_\_\_\_

Факсы \_\_\_\_\_

Банктік шоты \_\_\_\_\_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)  
Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы \_\_\_\_\_

(почталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)  
\_\_\_\_\_ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе

беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмағандығы;

қоса берілетін құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіндігі және жарамды болып табылатындығы расталады;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы \_\_\_\_\_

---

— (электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Толтырылған қуні: 20\_\_ жылғы " \_\_ "

---